

СУДЬЯЛАРҒА ТАЛАП КҮШЕЙТІЛМЕК



Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандығы десек, оларды қорғайтын бірден-бір құзырлы орган – сот жүйесі. Елбасы ұсынған «100 нақты қадам – баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспарының «Заң үстемдігін қамтамасыз ету» деп аталатын екінші бағытында 19 мақсатты қадам белгіленсе, соның 11-і осы жүйені реформалауға арналған. Бұл турасында біз Екібастұз қалалық сотының төрағасы Ғабит Өмірханұлы Әлжановпен сұхбаттасып, алдағы уақытта сот саласы қандай өзгерістер мен жаңалықтар күтетінінен хабардар болдық.

А.ЗАЙЫРГЕЛДІ

-Ғабит Өмірханұлы, заң үстемдігі - «100 қадамдағы» бес басымдылықтың бірі. Ендеше, алдағы уақытта сот жүйесінде нақты қандай өзгерістер болады?

- Өңгімемізді мынадан бастасақ, келер жылдың 1 қаңтарынан еліміздің сот жүйесі үш сатылы болмақ. Қазір ол бес сатылы деп саналады. Бірінші сатысы, біз, яғни, алғашқы инстанциялы сот. Бізден жоғары тұрғаны - облыстық соттың апелляциялық және кассациялық инстанциясы, олардан жоғары сатыда - ҚР Жоғарғы сотының қадағалау және қайта қадағалау инстанциялары. Бұдан былай осы бес сатының орнына тек үшеуі қалады: алғашқысы – бірінші инстанциядағы сот, содан соң облыстық соттың апелляциясы және Жоғарғы соттың кассациясы. Демек, кеңестік кезеңнен бері көле жатқан қадағалау инстанция жойылады. Бұл бір жағынан сот процедураларын жеңілдетуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан, біршама уақыт үнемделеді.

Судьялыққа қабылдау талаптары артады. Мәселен, осыған дейін судья қызметіне 25 жастан бастап тағайындалатын, енді судьялыққа үміткерлер 30 жастан қабылданатын болады. Болашақ судьялар үшін сот ісін жүргізумен байланысты бесжылдық жұмыс өтілі болуы да шарт. Сол сияқты, олар бір жылдық тағлымдамадан өтеді. Бұл уақытта оларға шәкіртақы да төленетін болады. Тағайындалған соң жас судьяларды бір жылдық сынақ мерзімі күтеді. Олар өздерінің біздің салаға кездейсоқ келмегендерін, білімі мен тәжірибесі жеткілікті екендігін дәлелдеуі тиіс.

Судьялардың жаңа әдеп кодексі жасалуда. Судьялардың жұмысына кәсіптік

- Алқа соты, негізі, аса ауыр қылмыстарға қатысты істерді қарайды. ҚІЖК-не сәйкес, мұндай істерді қарау қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық соттың құзырында. Қалалық сотта олар қаралмайды. Бірақ кеңді қалада, екіншіке қарай, аса ауыр қылмыстар бойынша қаралатын істер көп. Бұған дейін біздің сот ғимаратында алқа сотына арналған зал да жабдықталған еді, оны қалалық өкімшілік соты ғимаратына көшірдік. Қазір онда қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық соттың отырыстары өтеді.

- Алқа соты сол процестерге қатыса ма?

-Иә. Алқа сотының құрамы Екібастұз тұрғындарынан тұрады. Оларды жергілікті атқарушы орган жасақтайды. Әлбетте, Алқа соты құрамына мүше болу үшін қойылатын талаптар бар. Олар бұрын сотталмаған болуы шарт, ақыл-есінде кінәрат болмауы керек, жас шамасы 25-тен кіші болмауы қадағаланады. Десек те, алқа соты барлық қылмыстық істерді қарауға қатыса бермейді. Олардың қатысуын сотталушының қалауы шешеді. Айта кетерлігі, алқа соты енді аса ауыр қылмыстарды қарайтын сот отырыстарына ғана емес, сондай-ақ, өзге де сот процестеріне қатысады деп күтілуде. Әзірге ондай істер тізімі нақтылануда.

-Ұлт жоспарының 20-қадамында: «Барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу шараларын міндетті түрде енгізу. Судьяның бейне жазуды тоқтатуға немесе аудио жазу материалдарын редакциялауға мүмкіндігі болмауы тиіс» делінген. Осы міндетті орындауға қаншалықты дайынсыздар?

-Әлбетте, біз мұнымен толық келісеміз. Неліктен? Өйткені аудио-, бейне- жазба-

Екібастұз қалалық сотында ақтау үкімдері шыққан жағдайлар бар ма?

-Алдымен мына нәрсені ескеру керек, іс сотқа жетпес бұрын тергеуалды тексеруден, содан соң тергеу сатыларынан өтеді. Содан соң материалдар прокуратурада қаралады. Барлық істер кәсіби білікті мамандардың, заңгерлердің қолынан өткен соң ғана сотқа келеді. Айыптаушылар ұсынған бұлтартпас айғақтарды көргенде, ақтау үкімі қайдан болсын. Бірақ жеке кінәлаушылардан түскен талап арыздарды қарау барысында өз құқықтарын қорғай алмайтын, зәт жағынан дайындығы аз адамдар іс болып жататын жағдай аз көзделмейді. Мәселен, биыл жеке кінәлау ісі бойынша жауапқа тартылған Шідерті кентінің тұрғыны сот шешімімен ақталды. Оны жерлесі жеке меншік дүкеніне келіп өзін балағаттады, қорқытып-үркітті, ар-намысына тиді деп кінәлады. Арыз иесі соттан өлгі адамның үстінен қылмыстық іс қозғап, моральдық шығын өндіріп беруін талап етті. Бірақ сот жауапқа тартылған адамның кінәсі дәлелденбеді деп танып, жауап берушіні ақтап шықты.

- Қазіргі таңда кез келген мәселеге орай сотқа арызданушылардың көбеюіне қарап, қазақстандық қоғамның конфликтіге бейім тұратыны туралы көп айтылады. Осыған қалай қарайсыз?

-Бір кездері адамдар арасында дау-дамайдың көбін түрлі комиссиялар, кәсіподақ комитеті, небір кеңестер, талқылап жататын. Бүгінде мұның бірі жоқ. Сондықтан өз құқықтары бұзылған жағдайда адамдар өділдік іздеп сотқа жүгінеді. Жоғарыда дауқұмар қоғам деп айтып жүргені содан болар. Десе де статистика мәліметтеріне сүйенсек,

Судьялардың жаңа әдеп кодексі жасалуда. Судьялардың жұмысына көңілі толмағандардың арыз-шағымдарын Жоғарғы сотта арнайы құрылған Сот қазылығы қарастырады. Сондай-ақ Жоғарғы сотта арнайы инвестициялық алқа жұмыс істеп, инвесторлармен арадағы даулы мәселелерге шешім шығаратын болады. Әзірге Екібастұзда мұндай істер болған емес, бірақ инвесторлардың жұмысына қатысты сотқа жүгіну өзге аймақтарда кездесіп жатады. Арнайы алқа осы мәселеге мамандандырылған.

Бұған қоса, Мемлекеттік басқару академиясының Сот төрелігі институты Жоғарғы сот қарамағына беріледі деп күтілуде. Институт тек жас судьяларды дайындаумен ғана шектелмей, тәжірибесі бар судьялардың да біліктілігін арттырумен шұғылданады. Тағы бір жаңалық: Жоғарғы сотқа көмек ретінде Халықаралық кеңес ашу көзделген. Кеңес құрамына әлемдік кәсіби білікті судьялар мен заңгерлер кіреді. Бізде кәсіби тәжірибеге бай, зейнет демалысына шыққанымен, әлі де сот саласына берері мол судьяларымыз баршылық. Әлі де болса олардың әлеуетін пайдалануымыз керек.

- Ұлт жоспарында Алқа сотына қатысты да міндеттер айтылған. Олардың құзыры кеңейе ме? Жалпы, Екібастұзда Алқа соты жұмыс істей ме?

-Әлбетте, біз мұнымен толық келісеміз. Неліктен? Өйткені аудио-, бейне- жазбаларды жасау процесі жүргізіп отырған судьяның үстінен түсетін шағымдарды азайтады деп сенеміз. Және ол мықты көрнекі құрал деп білеміз. Оған қоса, ол отырысқа қатысушылар тарапынан да дәрекілік, өзге де тәртіпсіздіктерге жол бермейді деп сенеміз.

Біз осыған дейін де бірталай істерді аудио-, бейне- жазбаға түсіріп келдік. Үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында қаралған 2559 азаматтық істің 349-ы, 194 қылмыстық істің 22-сі таспаға түсірілді. Яғни, жыл басынан бері қаралған істердің 13,48 пайызы таспаға басылды. Әрине, бұл көңіл көншітетін цифрлар емес, облыс көлеміндегі соттардың аталмыш көрсеткіші 30 пайызға жетті. Отырыс өтетін залдардың техникалық жабдықталуы нашар, 18 залдың тек екеуінде ғана аудио-, бейне- жазба жасайтын қажетті құралдар бар. Тамыз айында конкурс өткізіліп, қажетті техника сатылып алынады деген үміттеміз. Алдағы уақытта 18 залдың тым болмағанда жартысын жабдықтасақ, жағдай өзгерер еді. Онда судьяларымыз небір арыздардан аулақ болып, жұмыс біршама жеңілдейді.

- Соттардың кеңейтілген кеңесінде Жоғарғы сот төрағасы Қайрат Мәми әріптестерін ақтау үкімдерін шығарудан тайсалмауға шақырды.

деп айтып жүргені содан болар. Десе де статистика мәліметтеріне сүйенсек, соңғы жылдары екібастұздықтардың сотқа жүгінуі біршама азайған. I жартыжылдықта бізге 5561 талап-арыз түссе, былтырғы жылдың осы уақытында олардың саны 6207 болған. Қылмыстық істердің де саны азайған. 2014 жылдың I жартыжылдығында қалалық сотта 239 іс қаралса, биыл -182. Айтарлықтай азайған. Солай бола тұра, меніңше, конфликтіге бейім деудің жөні бар. Дамыған елдерді алып қаралық, онда дау туындаған жағдайда адамдар бірден сотқа жүгірмейді. Проблеманы медиаторлардың көмегімен шешуге тырысады. Оның үстіне, сотқа жүгіну: сот шығындарын төлеу, қорғаушы жалдау, т.с.с. қымбатқа түсетіні тағы бар. Біз де бүгін медиацияны мықтап қолға алып отырымыз. Тараптардың дау-дамайын конфликтсіз шешуге мүмкіндік жасауға тырысамыз. Сот саласына тікелей қатысы болмаса да, медиаторларға кабинет бөліп, мейлінше жәрдем берудеміз. Егер алдағы уақытта қаралатын істердің тым құрығанда 5-10 пайызы тараптардың ымыралауымен шешілсе, мемлекеттік баж салығы қайтарылады. Демек, бұл тараптардың қаржысын да, уақытын да үнемдеуге үлкен сеп болмақ.